



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-154-1-225-236>

ХҒТАР 17.07.31
Ғылыми мақала

К.Т. Тулебаева^{1*}, А.Т. Смагулова², К.С. Курмамбаева³

¹*Alikhhan Bokeikhan University ББМ, Семей, Қазақстан*

^{2,3}*Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан*

(E-mail: ¹tulebaeva82@mail.ru, ²akma.2000.2006@mail.ru, ³karlitos-73@mail.ru)

ШӘКӘРІМ МЫСАЛДАРЫНДАҒЫ ЖАНУАРЛАР БЕЙНЕСІНІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ-ДИДАКТИКАЛЫҚ ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы мысалдарындағы жануарлар бейнесінің дидактикалық мәні қарастырылды. Зерттеу барысында халықтық танымда орныққан зооморфтық ұғымдардың адам мінез-құлқымен астарлай берілу ерекшеліктеріне талдау жасалды. Ақынның «Қаншыр мен бөдене», «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Бояулы суыр», «Ақылшы торғай» мысалдарындағы жануарлар бейнесі арқылы адам мінезінің аллегориялық, символдық тұрғыда берілуі сараланады. Сонымен қатар, мысалдардағы адамгершілік, адалдық, әділеттілік, сондай-ақ жағымсыз қасиеттерді әшкерелеу тәсілдері ғылыми тұрғыда пайымдалды. Зерттеу бағыты мысал жанрының функционалдық табиғаты мен автордың поэтикалық бейнелер жүйесінің өзара сабақтастығын анықтауға негізделді. Шәкәрім поэзиясына тән ұстаным – адамның ішкі «менімен» күресі, рухани кемелдену жолында ар-ұждан қағидаларын басшылыққа алу идеясы ретінде айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда мысал жанрының поэтикалық және тәрбиелік әлеуеті, сондай-ақ оның оқырманға ұсынатын өмірлік-танымдық тағылымы қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде Шәкәрім мысалдарының шығыс, орыс және батыс әдеби дәстүрлерімен сабақтастығы анықталып, қазақ мысал поэзиясын дамытудағы орны айқындалды. Шәкәрім туындыларындағы жануарлар бейнесінің дәстүрлі ертегілік деңгейден асып, адам болмысының түрлі қырларын бейнелейтін көркемдік-символдық жүйе ретінде сипатталады. Зерттеуде герменевтикалық талдау әдісі қолданылды. Нәтижесінде Шәкәрім Құдайбердіұлы мысалдарындағы анималистік бейнелер жүйеленіп, олардың көркемдік-эстетикалық және тәрбиелік қызметтері сараланды.

Түйін сөздер: поэтика, мысал, символ, аллегория, жанр, дидактика, анималистік образ.

Түсті: 03.02.2026; Жөнделді: 02.03.2026; Мақұлданды: 18.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

Кіріспе

Қазақ әдебиетінің тарихында мысал жанрының орны ерекше. Бұл жанр – ғибраттық мазмұнға құрылған, қоғамдағы түрлі мінез-құлық пен әлеуметтік құбылыстарды әшкерелейтін көркемдік дәстүр. Мысалдарда жиі кездесетін жануарлар бейнесі – адам табиғатының, қоғамдағы мінездердің символдық көрінісі.

Мысал – сан ғасырлық тарихы бар әдеби жанр. Мысал – айтылатын ой меңзеумен астарлап берілетін аллегориялық туынды. Әлем әдебиеті тарихында Қытай, Үндістан, Ежелгі Грециямен салыстырғанда қазақ әдебиетіндегі мысал жанры әлдеқайда кеш дамыды. Қай ұлттың әдебиетінде болмасын мысалдың ерекшелігі адам бойындағы мінездерді жануарлар бейнесі арқылы беруінде жатыр. Түлкі қулықтың, қасқыр қатыгездік пен аңқаулықтың, арыстан күштіліктің, қой момындықтың, маймыл мен есек надандықтың, қарға мақтаншақтық пен даңғазалықтың символы ретінде сатиралық бейнеге айналды.

Абайдан кейін қазақ әдебиетіндегі мысал жанрын дамытқан ірі тұлға – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ақын мысалдарында жануарлар бейнесі арқылы поэтикалық образдар жасалып, дидактикалық ой-пікірлер түйінделеді.

Көркем шығармадағы жануарлар бейнесі – оқырманға бейнелі-эмоционалды әсер ету құралдарының бірі. Жануарлар мен аңдар, құстар бейнесі арқылы адам мінезі мен өмірін суреттеу – көркем әдебиеттегі анималистік жанрдың негізгі талаптарының бірі.

Зерттеу әдістері

Мақалада мәтіндік талдау (анализ) тәсілі басшылыққа алынды. Бұл әдіс арқылы мысал жанрындағы шығармалардың композициялық құрылымы, бейнелеу құралдары, жануар образдарының символдық сипаты мен поэтикалық қызметі сараланды. Жануарлар бейнесі арқылы берілетін моральдық-этикалық ұстанымдар мен тәрбиелік идеялар көркемдік жүйе аясында қарастырылды. Синтез әдісі жекелеген талдау нәтижелерін жинақтап, Шәкәрім мысалдарындағы жануарлар образдарының поэтикалық және дидактикалық мәнін тұтастай жүйелеуге мүмкіндік берді. Бұл тәсіл ақынның дүниетанымы мен көркемдік ойлау жүйесін біртұтас концепция ретінде пайымдауға жол ашты. Зерттеу барысында герменевтикалық әдіс кеңінен қолданылды. Аталған әдіс мысал мәтіндеріндегі астарлы мағынаны, символдық бейнелерді, жануарлар арқылы берілетін адам мінезі мен қоғамдық құбылыстарды терең интерпретациялауға мүмкіндік берді. Жануар образдарының поэтикалық-дидактикалық экспликациясы осы әдіс арқылы ашылды. Зерттеудің дереккөздері ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлының мысал жанрындағы шығармалары, екі томдық шығармалар жинағы және шәкәрімтанушы ғалымдардың ғылыми еңбектері мен зерттеу жұмыстары негізге алынды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ әдебиетінің тарихында мысал жанры – халықтың даналық қазынасынан, ауыз әдебиетіндегі ғибраттық дәстүрден бастау алатын көркемдік арна. Бұл жанрдың басты ерекшелігі – жануарлар бейнесі арқылы адам болмысының, қоғамдағы түрлі мінез-құлықтың суреттелуі. Қазақ мысал поэзиясының дамуына Абайдан кейінгі ірі үлес қосқан тұлғалардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Оның мысалдары терең философиялық ойға құрылып, моральдық-дидактикалық мазмұнды бейнелейді

«Шәкәрім мұрасына үңілсек, тұспалдау өлеңдерін кездестіреміз. Мұндай өлеңдер тобын кезінде А. Байтұрсынов (1926 ж.) «бүкпелеу» - деп атап, оған мынадай анықтама берген: «Сөзді ашып айтпай, ұшығын ғана көрсетіп айту – бүкпелеу деп аталады» (Ағалиева, 2008). Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығында ерекше орын алатын бір топ туындылары – мысалдары.

Ақын «Қаншыр мен бөдене», «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Бояулы суыр», «Ақылшы торғай» мысалдарында өзінің адамгершілік идеалдарын суреттеу үшін жануарлардың ерекшеліктерін пайдаланады. Олардың көмегімен адамгершілік, адалдық, мақтаншақтық, көрсеқызарлық мінездерін сынайды. Адам бойындағы кемшіліктерді зілді кекесінге қосу арқылы, ізгілік, әділеттілік туралы түйсінуімізге, адамдар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Шәкәрім мысал жанрын шығыс, орыс, батыс әдебиетіндегі дәстүрлермен сабақтастыра отырып дамытқан. Ақын үшін мысал – қоғамдағы мінездер мен кемшіліктерді әшкерелеудің, адамды түзетудің ең ықпалды формаларының бірі болды.

Ақын шығармаларында жануарлар бейнесі аллегориялық, метафоралық, символдық сипатта беріледі. Арыстан – күштің, биліктің, кейде әділетсіз зорлықтың бейнесі, түлкі – айлакерліктің, екіжүзділіктің символы, қасқыр – ашкөздік пен тойымсыздықтың бейнесі, есек – надандық, топастықты сипаттайды, қой – момын халықтың бейнесі ретінде алынады.

Мәселен, «Арыстан, қасқыр, түлкі, бөдене» мысалында әр жануар белгілі бір әлеуметтік топты меңзейді: арыстан – билік, қасқыр – зорлықшыл күш, түлкі – айлакер мансапқор, ал момын бөдене – қарапайым халық бейнесінде көрінеді.

«Шәкәрімнің мысалдарының ертегілік сипаты басым болып келеді. Кейіпкерлері де осы үлгідегі классикалық мысалдарда жиі көрінетін қасқыр, түлкі, бөдене сияқты хайуанаттар. Олардың әрқайсысы өмірдегі белгілі бір мінез-құлықтың, ұғым-түсініктің символдық көрінісі дәрежесінде бейнеленеді. Олардың бастан кешетін оқиғалары – ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың күресі» (Әбдіғазиұлы, 2008).

Шәкәрім ақынның мысалдарын талдай отырып төмендегідей негізгі аспектілерін атап өтуге болады. Ең алдымен мысалдың дидактикалық ұстанымы. Яғни жануарлар бейнесі арқылы ұсынған моральдық және этикалық тұжырымдары. Екіншіден, сол жан-жануарлардың символдық мәні ерекше маңызға ие. Бейнеленген әр жануардың өзіне тән символдық мағынасы.

Шәкәрім поэзиясындағы жануарлар бейнелері адамның қандай да бір қасиетінің аллегориясы емес, адамның жан-жақты сипатын беретін типтік бейне деуге болады.

Түлкі – мысал жанрының классикалық кейіпкері. Әдетте түлкі құлықтың, алдау мен екі жүзділіктің символы. Көптеген халықтардың ауыз әдебиетінде түлкі персонажына айлакерлік, іскерлік, ептілік тән. Түлкі өзіне не керегін біледі. Жоспар құрады, қалай әрекет ету керегін де жақсы ойластырады. Ол өз мақсатына жетуді ғана көздейді. Жайлы жерді мекен еткісі келеді, қарнының үнемі тоқ болғанын көздейді. Адамзат баласының бойындағы құлық пен жағымпаздықты біз әдетте түлкі арқылы бейнелесек, екінші жағынан, түлкі өз әрекеті арқылы ешкімге сенбеді үйретеді. Мысалдар мен ертегілердегі қу, айлакер түлкі, айналып келгенде өз қақпанына өзі түскен жағдайлар да болады. «Қасқыр, түлкі, бөдене» деген ауыз әдебиеті туындысын алайық. Авар, башқұрт пен марилардың, орыс халқының, өзге де көптеген елдердің ауыз әдебиетінде кездесетін бұл шығармада түлкіден бөдене айланып асырады.

Психолог К.Г. Юнг адам баласының санасында өмір сүретін бұл бейнелерді архетиптер деп атайды (Юнг, 2021). Ең көп кездесетіні жақсылық пен жамандықты, мейірім мен зұлымдықты бейнелейтін архетиптер.

Адам баласының жаман мінездерінің бірі қулық пен алдау десек, оның бейнесі мысалдарда түлкі арқылы көрініс табады. Түлкі – қандай жолмен болсын тек өз мақсатына жетуді ғана көздеген жанның бейнесі. Сол жолда ол алдау мен қитұрқы әрекеттің бәріне барады. Алайда қу түлкі залым емес, оның басқаларға пайдасы мен зияны қатар жүруі мүмкін. Әлем әдебиетіндегі түлкі қу, айлакер бейнесімен ғана сипатталмайды. Жаны ашығыш, достыққа адал, қамқор түлкі бейнесін де кездестіреміз. Орыс халқының «Снегурушка и лиса», «Кузьма Скоробогатый» ертегілері, неміс халқының «Странствия Мальчика-с-пальчик» ертегілеріндегі түлкі бейнесі әдетте бізге таныс айлакер, қу түлкіден өзгеше: ақылды, қайырымды.

Ертегілер мен мысалдарда түлкі – екіұшты (күрделі) кейіпкер: бір жағынан, ол мысалдардағы образдар жүйесінде – аш қасқырлар мен бейшара қойлар қатарында өз орнын алады; екінші жағынан, түлкі трикстер рөлін атқарып, басқа кейіпкерлердің дамуына ерекше ықпал етеді, қақтығыстың өршуін күшейтеді және қауіпті жағдайларда жеңімпаз болып шығады (Хохлова, 2015).

Шәкәрім ақынның «Қасқыр, түлкі, бөдене» мысалының сюжеті әлемдік әдебиеттегі үлгісімен ұқсас. Қасқыр алданады, түлкі айласын асырады, ал бөдене түлкіні алдап жығады. Оқиғаның ұзын ырғасы осыған кеп саяды.

«Бір қу түлкі жұртты құртқан» Шәкәрім мысалы осылай басталады. Ә дегеннен-ақ түлкінің жағымсыз бейнесі көз алдыңызға келеді.

Жемтік түссе жермін деп қалғанынан,
Қасқырға іздеп барып болды жолдас

(Құдайбердіұлы, 2018).

Айласын асыру үшін түлкі неге болса да даяр. Қасқырдың тұяғы батып, ауыртса да қарнының тоқ болуы үшін шыдап бағады.

Кез келген халықтың ауыз әдебиетінде қасқыр бейнесі бар. Оның бейнесі де сан қырлы. Түркі халықтарында көк тәңірімен байланыстыратын алып күш ретінде, енді бірде көк бөрі бейнесін тотемдік белгі ретінде қастер тұтады. Қазақтың ауыз әдебиетінде: ертегілерінде, мақал-мәтелдері мен аңыздарында қасқырдың тағылық болмысы шебер сипатталады. Дегенмен де, қасқырдың табиғатына тән аса сақтығы, қайсарлығымен қатар, бірде қорқаулықтың, бірде ақымақтықтың, бірде ашықауыздықтың, енді бірде зұлымдықтың иесі ретінде суреттеледі. Бұлар қасқырдың символдық бейнесінің аса күрделі екендігін нақтылай түседі.

Шәкәрім мысалындағы қасқыр – қомағайлық, ашкөздік, ақымақтық, әділетсіздік сынды ұнамсыз мінездердің жиынтық бейнесі.

Қасқыр айтты: – Тоясың маған ерсең,
Болады малды көріп, шалып келсең.
Қарным тойса қалжыңдап ойнаушы едім,
Ойынға ыза болмай шыдай берсең.

Аш күнімде жатамын шабым жалап,
Ол кезде жақын келме жанасалап.

Тойғанда тұрпайылау мінезім бар,
Өкпе қылма ойынды шынға балап

(Құдайбердіұлы, 2018).

Аталған мысалдағы үшінші бейне – бөдене. Әдетте фольклорлық кейіпкерлер қатарындағы қасқыр қашанда қара күштің, зорлық пен қиянаттың, түлкі қулық-сұмдықтың, арамдықтың символы, ал торғай мен бөдене әрдайым сол қиянат пен арамдықтың құрбаны ретінде бейнеленеді. Мәселен, Шәкәрім мысалындағы бөдене бірде қаншырды, бірде түлкіні алдайды, түлкіден де айласын асырған қу. Керісінше, ақынның мысалындағы қасқыр зұлым күштің иесі емес, қайта қу түлкіге алданған аңқау хайуан ролінде.

Аңғал құс жалпалақтап, жүз құбылып, іші бауырына кіре сөйлеген бөдененің арбауына түседі. Екінші жағынан, қаншыр – өз құлқынын ғана ойлайтын жанның бейнесі. Себебі оны бөденемен дос қылған да қарын тоқтығының қамы еді.

Жігіттер, осы сөзге құлағың сал,
Басыңда миың болса, мұны ұғып қал.
Алды-артын ойламаған аңқау менен
Алдампаз арам достан ғибрат ал

(Құдайбердіұлы, 2018).

Бөдене бейнесінің астарында Шәкәрім арам достықты сынады, алды-артын ойламайтын аңғал жанды мінейді. Өз құлқындарын ғана ойлайтын жандарды ащы әжуаға алады.

Шәкәрімнің мысал жанрында жазылған шығармаларының бірі – «Бояулы суыр». «Оның бояулы суыр» атты мысал өлеңі түпнұсқасы Румиден аударылған («Қорқау бояуы бар қауға шелекке қайтіп ұрынғаны туралы әңгіме») (Кемелбаева, 2013). Ақын бұл өлеңде суыр бейнесі арқылы табиғи қалпынан жерініп, өзіне жат бейнеге ұмтылған мінезді әшкерелейді. Жер бауырлап тіршілік ететін суырдың өзін тауыс санап, өзгелерден үстем сөйлеуі оның ішкі болмысы мен сыртқы кейіп арасындағы қайшылықты көрсетеді.

Тауыс деңдер мені енді, суыр демей,
Қорқыңдар рұхсатсыз шөп те жемей.
Жүнім асыл, сендерден түрім бөлек,
Немене мен суырдың патшасы емей!»

(Құдайбердіұлы, 2006).

Осы өлең жолдарынан кейіпкердің менмендікке құрылған өктем сөз саптауын аңғарамыз. Бұл тұста Шәкәрім жануар бейнесін адам қоғамындағы әлеуметтік мінез-құлықтың моделі ретінде қолданады.

Тауыс бейнесі мұнда нағыз тектіліктің емес, сыртқы жылтырақтың нышаны ретінде көрінеді. Қазақ танымында тауыс – көркі көз тартатын, бірақ ішкі болмысы шартты бейне. Ақын үшін шынайы асқақтық әрекет пен қасиеттен байқалуы керек, ал суырда тек уақытша бояу ғана бар. Осы тұрғыдан алғанда, бояуға мастанған суырдың іс-әрекеті жеңіл юмор мен әжуаның нысанына айналады. Суыр образы арқылы адам бойындағы атаққұмарлық пен мақтаншақтық әшкереленеді. «Яғни, ақын қолына аз ғана билік түссе, соған маңғазданып, елін, халқын ұмытып, мардымсып кететін кейбір адамдарды сынға алып отыр. Бақ, дәулет, мансап, байлық – қолдың кірі, бояу сияқты, көпке шыдамай, бір Күні жоқ болар деген ой да айтады. Қанша биік дәрежеде болсаң да қарапайым бол, халқыңмен бол деген идея тастайды (Жүсіпов, 2014).

G. Mitra мен G. Kudaibergenova (2016) мақаласында Шәкәрім Құдайбердіұлының антропология, және философиялық сұрақтар мен өзін-өзі тану мәселелері сопылық дүниетаным шеңберінде қарастырылады. Авторлар Шәкәрім көтерген бес іргелі философиялық сауалдарды Жәлеладдин Румидің рухани-философиялық көзқарасымен салыстыра отырып талдайды. Зерттеу компаративистік әдебиеттану негізінде жүргізіліп, екі ойшылдың адам болмысы, рухани өсу және дүниетаным мәселелеріндегі ортақ ұстанымдары мен айырмашылықтарын зерделейді. Мақалада Шәкәрімнің ой-тұжырымдары Мәулананың сопылық ілімімен сабақтастықта зерделеніп, олардың адам және өзін-өзі тану мәселелеріне қатысты көзқарастары салыстырмалы түрде сараланады.

Ал «Епті тышқан» мысал өлеңінде Шәкәрім әлеуметтік астары терең сатираға жүгінеді. Тышқандар бейнесі арқылы ақын қоғамда кездесетін екіжүзділік пен жемқорлықты суреттейді. Өз пайдасын ғана көздеп, ар-ожданды жамылып жүрген ұлықтар мен шенеуніктер өткір сынға алынады.

Өлең мазмұнында сырттай тақуа көрінгенмен, іштей арам пиғылдан арылмаған адамдардың бейнесі жинақталады. Ақын үшін ең қауіпті құбылыс – ар мен иман ұғымын желеу етіп жасалатын әділетсіздік. Осы тұрғыдан алғанда, «Епті тышқан» шығармасын Шәкәрімнің жекелеген адамдар әрекетіне емес, қоғамдағы мінез-құлық типтеріне берген ойлы бағасы деуге болады.

Шәкәрім бұл туындысында ар-ожданды адам өміріндегі басты өлшем ретінде қоя отырып, рухани азғындық пен екіжүзділікті қарама-қарсы қояды. Сондықтан өлең мазмұны бүгінгі қоғам үшін де маңызын жоймаған, ой салатын тәрбиелік мәні зор шығарма болып табылады.

«Шәкәрімнің қоғамды түзету үшін алдымен Адамды түзеу қажеттігі туралы асыл ойлары бүгінгі күні өзектілігін жойған жоқ. Өйткені, қазір адам болмысы қай замандағыдан да күрделі, қайшылықтарға толы болып отыр. Кез келген қоғамның сапалық жаңалығы, жетістіктері сол қоғамдағы әрбір тұлғаның имандылық, адамшылық деңгейімен өлшенуі заңды» (Келгембаева, 2024). Ғалым Б.Келгембаеваның пікірінше, Шәкәрім үшін қоғамдық жаңғыру сыртқы өзгерістерден емес, ең алдымен адамның ішкі рухани жауапкершілігінен басталуы тиіс. Аталған ойды біз де ерекше атап өткенді жөн көрдік.

Шәкәрімнің «Қайтқан шал» тұспал өлеңі Абайдың «Базарға қарап тұрсам әркім барар» өлеңімен үндеседі. Екі өлең де өмірді сауда кеңістігіне балап адамның рухани жауапкершілігін биік қояды. Шәкәрім өлеңінде Керуен келер бір сарайға... десе, Абайда Базарға қарап тұрсам әркім барар деп өмірді сынақ деп қабылдайды. Абайда өмір уақытша сынақ алаңы базар болса, Шәкәрімде сарай. Екеуі де өмір өткінші, таусыншақ екенін меңзеп философиялық ой түйеді. Абай өз өлеңінде сырттай қарап тұрған бақылаушы болса, Шәкәрім:

«Мен де жүрдім ел жүрген сол сарайда... (Құдайбердіұлы, 2023), - деп өзін басынан өткеруші куәгер ретінде бейнелейді.

Абайда адам базарға келген көрермен ретінде суреттелсе, Шәкәрімде сарайға келіп ұзақ тоқтаған қонақ «мен – бір қонақ» ретінде бейнеленеді. Екі өлеңнен де Абайдың «Толық адам», Шәкәрім поэзиясындағы «Ар білімімен» сабақтастық көреміз. Абай ақыл мен мінезді алға тартса, Шәкәрім ар алдындағы есепті алға тартып бес күндік жалған

өмірде уақытты байқамай өткізіп, асылды қолдан шығарып алмау үшін адамзатты ойлануға шақырады.

Ұстазы Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңіндегі:

«Адал жүріп, адал тұр»,

Счетың тура келуге (Құнанбайұлы, 2004), - деген ойын дамыта түседі. «Осы жерде есебің дегенді Абай жер бетіндегі есепті айтпайтын сияқты, құдайдың қиямет күні сұралатын есепті меңзейді, сірә» (Курмамбаева, 2017).

Осы ретте Шәкәрім Абайдан үлгі алып, өз замандастарына, дәуір шындығы туғызған рухани дерттерге сын айтып, қоғамдық құбылыстардың мәнін талдап-түсіндіруді мақсат етті. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ақылшы торғай» өлеңі адам болмысының моральдық-этикалық өлшемдерін мысал жанры аясында көркем бейнелейді. Өлең торғай мен тұзақшы арасындағы диалогке құрылған сюжетті шығарма. Ақын ақыл мен парасатты жалған сенім мен надандыққа қарсы қойып, адам әрекетінің ішкі себеп-салдар байланысын ашып көрсетеді. Торғай бейнесі ақиқат пен зерденің символы ретінде танылса, тұзақшы кейпі ойсыздық пен жеңіл сенгіштікті танытады.

Тұзақшы қуаныпты осы сөзге,

«Келдім ғой –деп – бақ қонар жақсы кезге».

Аузынан босатпаққа уәде берді,

Алдаса, торғай көп деп мұнан өзге (Құдайбердіұлы, 2006).

Осы арқылы ақын ақылға салынбаған сенімнің адамды адастыратынын, ал қайтарымы жоқ іске өкіну рухани әлсіздіктің белгісі екенін терең философиялық түйін деңгейінде ұсынады.

Мысал – дидактикалық әдебиеттің жанры. Аллегориялық бейнелер арқылы Шәкәрім ақын қоғамдағы адамдардың мінездерін сынға алады, өсиет айтады. «Аллегория (көне грекше: *allēgoria* – пернелеп айту), пернелеу – оқырманның не көрерменнің санасына, қиялына ерекше әсер ететіндей, образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл» (Ахметов, 1990).

Шәкәрімнің мысал өлеңдері оқушыға тек үгіт-насихат қана емес, іс-әрекет арқылы берілетін түйінді ой тастайды. Мысал жанрының табиғи сипатын беретін ғылыми дәйексөз де ұсынған орынды: «The purpose of the story is some moral truth, presented in action, and, consequently, awakening in us both feeling and imagination» (Abrams, 2005).

Демек, Ш.Құдайбердіұлының мысал өлеңдеріндегі негізгі ойөзек – оқиғалар тізбегі арқылы шындық пен ақиқаттың парқын таныту. Шәкәрім ғибратының астарында қоғамдағы әлдінің әлсізге тізесін батыруы, реті келгенде жаныңдағы адамды мақтап, көз тая бере алдап соғып, жарға жығуы сынды адам мінездері жатыр.

Поэтикалық тұрғыдан алғанда, Шәкәрім жануарларды кейіптеуде қысқа да нұсқа сипаттама береді. Әр бейненің мінезін бір-екі шумақта дәл суреттеп, оқырманға танымал символ дәрежесіне жеткізеді.

Шәкәрім мысалдарының түпкі мәні – тәлім-тәрбие, өнеге беру. Әрбір жануар бейнесі арқылы адам мінезіндегі кемшіліктерді сынайды. Айлакер түлкі – мансап үшін арын сатқан екіжүзділерді бейнелесе, қомағай қасқыр – қоғамдағы жемқорлық пен тойымсыздықты әшкерелейді, есек бейнесі – ғылымнан, білімнен алыс, қараңғылықта қалғандарды сынау құралы болса, қой бейнесі – момын халықтың қайшылықты тағдырын көрсетеді, бірақ сонымен бірге оның адалдығын да меңзейді.

Шәкәрімнің «Қайткенде адам болады?» сынды философиялық ойлары да жануар мен адам табиғатын салыстыру арқылы өрбиді. Ол адамды хайуаннан айыратын басты

қасиет – ақыл мен ар екенін ұқтырады. Шәкәрімнің шығармалары халық өмірінің энциклопедиясы ретінде бағаланады, өйткені ол өз шығармаларында қазақ халқының тағдырын барынша дәл бейнелеген (Smagulov, 2024).

Шәкәрім мысалдарының ерекшелігі – көркемдік пен ғибраттың тұтастығы. Жануарлар бейнесі поэтикалық жағынан образды, бейнелі, көркем құралдар арқылы сомдалса, дидактикалық тұрғыдан ол қоғамдағы мінездерді түзету, адамгершілікті насихаттау құралына айналады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының мысалдары қазақ әдебиетінде поэтикалық-дидактикалық дәстүрді жалғастырып қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтерді. Ақын жануарлар бейнесін қоғамдағы адам мінездерінің символы ретінде қолданды. Әрбір бейне көркемдік тұрғыдан аллегориялық сипат алып, дидактикалық тұрғыдан адамгершілікке, білімге, әділетке шақыратын құралға айналды.

Кез келген ұлт әдебиетінде мысал жанрының өзіндік тарихы бар. Мысал жанрында белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбиелік мән жатады. Автордың суреттеп жазған бейнесі өмірде болатын шындықты бейнелейді. Мысал соңында оқырманға белгілі бір үгіт, терең тағылымдық мәні бар қорытынды жасалады. Мысалда тобықтай түйін беріледі (Палтөре, 2025).

Осылайша, Шәкәрім мысалдары – халықтық дәстүр мен дүниежүзілік әдеби тәжірибені тоғыстырған, терең философиялық мәні бар, көркемдігі биік туындылар болып табылады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде Шәкәрім мысалдарындағы жануарлар бейнесінің астарлы мағынасына талдау жасалып, интерпретациясы анықталды.

Шәкәрім ақын мысалдарында адамның жағымсыз мінездерін сынайды. Қоғамда кездесетін әр алуан жағдайларды жан-жануарлар әрекеттері арқылы суреттейді, сол аң-құсқа теңейді. Ишарат, тұспалдау арқылы адамдар арасындағы даңғазалық, мақтаншақтық, бақай есеппен өмір сүру, арамдық мінездерді аллегориялық тәсіл арқылы сынға алады.

Шәкәрім дананың бар мақсұты адамзат баласының өзін-өзі жетілдірудің, қоғамға ар түзейтін ғылымды енгізудің жолдарын ұсыну. Сол ойын шығармалары арқылы насихаттады. Дана Шәкәрім қоғамға ар білімі керек деген байламға неге келді? Адамның ары – ақылдың безбені. Шәкәрім ұсынған ар – адамның ішкі тазалығы. Ішкі тазалық дегеніміз – бойында ұяты мен кісілігі бар, талабы мен жігері мықты болу.

Осылайша дана Шәкәрім қазақ қоғамын түзетудің жолын ұсынады. Адам баласының өзімен өзі күресіп, нәпсісін жеңуі қиын іс. Ақылдың саулығынан айырылуы да осы нәпсіде жатыр. Пендені бұзатын да нәпсі.

Шәкәрім ақын шығармашылығының маңызды бөлігін құрайтын мысалдардың да басты идеясы адам баласының мінездерін жан-жануарлармен үйлестіре сипаттау. Бұл әдебиетте бар үрдіс болғанымен де ақын терең ойлы мысалдары арқылы өз ортасына ой салу, білімге ұмтылу сынды ізгі істерге шақырды.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландыратын BR28712491 «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-

этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» бағдарламасы аясында әзірленді.

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

ЖИ құралдарының қолданылуы

ЖИ мүмкіндіктері ішінара сөйлем құрылымын ықшамдау, ғылыми стильді біріздендіру, кейбір тіркестердің редакциялық нұсқаларын салыстыру, библиографиялық деректерді дұрыс форматтау, транслитерациялау, сондай-ақ, халықаралық дәйексөз келтіру стандарттарына (APA) сәйкестендіру мақсатында қолданылды. Барлық ғылыми мазмұн, талдау және қорытындылар авторларға тиесілі.

Авторлардың қосқан үлесі. К.Т.Тулебаева материалдарды жинақтап, зерттеу материалдарының нәтижелерін айқындады, мақаланы рәсімдеумен айналысты. А.Т.Смагулова мақаланың негізгі идеясы мен тақырыбын ұсынды, зерттеу материалдарының негізгі бөлігінің талқылауларын жүйеледі. К.С.Курмамбаева мақаланың әдістемесі мен қорытынды бөлімін жазды. Мақаланың тұтастығы мен деректердің дәйектілігін зерделеді.

Әдебиеттер тізімі

Ағалиева, Н. (2008). Шәкәрім лирикасының жанрлық көркемдік сипаты. Шәкәрімтану мәселелері. Алматы: Талер-Пресс, 921-923.

Ахметов, З. (1990). Абайдың ақындық әлемі. Алматы: Ана тілі.

Әбдіғазизұлы, Б. (2008). Шәкәрім әлемі. Алматы: Раритет.

Жүсіпов, Н. Қ., & Баратова, М. Н. (2014). Шәкәрімнің тұспал өлеңдері. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің хабаршысы, (3), 109.

Келгембаева, Б. (2024). Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар» ілімі мен адам болмысы туралы толғамдары. Керуен, 83(2), 236. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-18>

Кемелбаева, А. (2013). Мәжнүн-жүрек. Алматы: Алаш баспасы.

Курмамбаева, Қ. С. (2017). Абай поэзиясындағы ар-иман, адамгершілік мәселесі. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, 2(60), 177-181.

Құдайбердіұлы, Ш. (2006). Шығармалары: Өлеңдері, дастандары (1-том). Алматы: Жібек жолы.

Құдайбердіұлы, Ш. (2018). Шығармалары. Астана: Фолиант.

Құдайбердіұлы, Ш. (2023). Шығармалары. Астана: Фолиант.

Құнанбайұлы, А. (2004). Шығармаларының екі томдық толық жинағы (Т. 1). Жазушы.

Палтөре, Ы.М., Кожабекова, Р.С., Хаслина, Б.Х. (2025) Ахмед Шауқидың мысал өлеңдеріне герменевтикалық талдау. Қазақстан шығыстануы ғылыми журналы 14(2), <https://doi.org/10.63051/kos.2025.2.294>

Хохлова, Н.А. (2015). Героиня комического эпоса Лиса и «Волки и овцы» А.Н.Островского (к вопросу об эпизации драмы). Вестник Томского государственного университета, (395), 18-24.

Юнг, К.Г. (2021). Архетип и символ. Канон.

Abrams, M.H. (2005). A Glossary of Literary Terms (8th ed.). Thomson Wadsworth.

Mitra, G., & Kudaibergenova, G. (2016). Answers to five questions of Shakarim according to the vision of Maulana. Journal of Oriental Studies, 4(65).

Smagulov, N., Issakhan, M., Mukhitdinov, R., Zhamashev, A. (2024). The influence of Shakarim Kudaiberdiev's work on the economic, cultural, and spiritual development of Kazakhstan in the late 19th century and early 20th century Pharos Journal of Theology, 105(3).

К.Т. Тулебаева¹, А.Т. Смагулова², К.С. Курмамбаева³

¹*Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan*

^{2,3}*Шәкәрім университет, Семей, Қазақстан*

Лирико-дидактическая экспликация образа в баснях Шакарима

Аннотация. В статье рассматривается дидактическая экспликация образов животных в баснях Шакарима Кудайбердиулы. Анализируется, как глубоко укоренившиеся в народном сознании представления о животных передаются через аллегорическое описание человеческих характеров. Цель исследования — анализ лирико-дидактических элементов и основных идей в баснях Шакарима в рамках лирико-дидактической экспликации. Направление исследования связано с гармонией между функциональной значимостью жанра басни и поэтическими образами автора. Главная задача, характерная для произведений Шакарима, заключается в борьбе человека со своим внутренним «Я» и предложении принципов совести (Ар) для достижения победы на этом пути. Рассматривается поэтическое и дидактическое значение жанра басни, а также жизненные уроки, которые она дает читателю. Научная значимость статьи заключается в том, что образы животных в творчестве Шакарима представлены не просто как сказочные персонажи, а как художественные символы определенных моделей поведения и черт человеческой природы. В данной статье был использован метод герменевтического анализа. В результате исследования систематизированы анималистические образы в баснях Ш. Кудайбердиулы, определены их художественные и воспитательные функции. Данное исследование задает направление для ученых-шакаримоведов постсоветского периода.

Ключевые слова: поэтика, басня, символ, аллегория, жанр, дидактика, анималистический образ.

K.T. Tulebayeva¹, A.T. Smagulova², K.S. Kurmambayeva³

¹*Alikhan Bokeikhan University, Kazakhstan, Semey*

^{2,3}*Shakarim University, Kazakhstan, Semey*

Poetic and didactic explication of animal image in the fables of Shakarim

Abstract. This article examines the didactic explication of animal images in the fables of Sh. Kudaiberdiuly. It analyzes how deeply ingrained popular notions of animals are conveyed through allegorical descriptions of human characters. The purpose of the study is to discuss the lyrical and didactic elements and core ideas in Shakarim's fables within the framework of lyrical and didactic explication. The research focuses on the harmony between the functional significance of fable genre and the author's poetic imagery. The main theme characteristic of Shakarim's works is the struggle of man with his inner self and the proposition of principles of conscience (Ar) for achieving victory in this journey. The poetic and didactic significance of the fable genre, as well as the life lessons it imparts to the reader, are examined. The scientific significance of this article lies in the fact that animal images in Shakarim's works are presented not simply as fairy-tale characters, but as artistic symbols of specific models. This article utilized a hermeneutic analysis method. The study systematized the animalistic images in Sh. Kudaiberdiuly's fables and identified their artistic and educational functions. This research sets out a direction for Shakarim scholars in the post-Soviet period.

Keywords: poetics, fable, symbol, allegory, genre, didactics, animalistic image.

References

Aghaliyeva, N. (2008). Shakarim liriksinyyn zhanrlyk korkemdik sipaty [Genre and artistic character of Shakarim's lyrics]. In *Shakarimtanu maseleleri*. Almaty: Taler-Press, 921-923. (in Kazakh)

-
- Akhmetov, Z. (1990). Abaidyn akyndyk alemi [Abai's poetic world]. Almaty: Ana Tili. (in Kazakh)
- Abdigaziuly, B. (2008). Shakarim alemi [The world of Shakarim]. Almaty: Raritet. (in Kazakh)
- Zhusipov, N. K., & Baratova, M. N. (2014). Shakarimnin tuspал olenderi [Allusive poems of Shakarim]. S. Toraihyrov atyndagy Pavlodar memlekettik universitetinin Khabarshysy, (3), 109. (in Kazakh)
- Kelgembayeva, B. (2024). Shakarim Kudaiberdiulyynyn «Ar» ilimi men adam bolmysy turaly tolgamdary [Reflections of Shakarim Kudaiberdiuly on the doctrine of «Conscience» and human existence]. Keruen, 2(83), 236-240. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-18> (in Kazakh)
- Kemelbaeva, A. (2013). Mazhnun-zhurek [Majnun-heart]. Almaty: Alash. (in Kazakh)
- Kurmambayeva, K. S. (2017). Abai poeziyasynyng ar-iman, adamgershilik maselesi [The issue of conscience, faith and morality in Abai's poetry]. Bulletin of Abai KazNPU8 Philology series, 60(2), 177-181. (in Kazakh)
- Kudaiberdiuly, Sh. (2006). Shygarmalary: Olenderi, dastandary [Works: Poems, epics] (Vol. 1). Almaty: Zhibek Zholy. (in Kazakh)
- Kudaiberdiuly, Sh. (2018). Shygarmalary [Works]. Astana: Foliant. (in Kazakh)
- Kudaiberdiuly, Sh. (2023). Shygarmalary [Works]. Astana: Foliant. (in Kazakh)
- Kunanbaiuly, A. (2004). Shygarmalarynyn eki tomdyk tolyk zhynagy [Complete two-volume collection of works] (Vol. 1). Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)
- Paltore, Y. M., Kozhabekova, R. S., Haslina, B. H. (2025) Akhmed Shauqidyn mysal olenderine germeneytikalyk taldau [A hermeneutic analysis of Ahmed Shauqi's example poems]. Kazakhstan shygystanu» gylimi zhurnaly, 14(2). <https://doi.org/10.63051/kos.2025.2.294> (in Kazakh)
- Khokhlova, N. A. (2015). Geroinya komicheskogo eposa Lisa i «Volki i ovtsy» A.N. Ostrovskogo (k voprosu ob epizatsii dramy) [The heroine of the comic epic Fox and «Wolves and Sheep» by A.N. Ostrovsky]. Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta, (395), 18-24. (in Russian)
- Jung, C. G. (2021). Arkhetip i simvol [Archetype and symbol]. Kanon. (Original work published 1934-1954). (in Russian)
- Abrams, M. H. (2005). A glossary of literary terms (8th ed.). Thomson Wadsworth.
- Mitra, G., & Kudaiberdenova, G. (2016). Answers to five questions of Shakarim according to the vision of Maulana. Journal of Oriental Studies, 65(4), 49-58. <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/view/483>
- Smagulov, N., Issakhan, M., Mukhitdinov, R., Zhamashev, A. (2024). The influence of Shakarim Kudaiberdiev's work on the economic, cultural, and spiritual development of Kazakhstan in the late 19th century and early 20th century Pharos. Journal of Theology, 105(3), 1-9. <https://doi.org/10.46222/pharosjot.105.314>

Авторлар туралы мәлімет:

Тұлебаева Куралай Токтаровна – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан. E-mail: tulebaeva82@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1636-8822>

Смагулова Акмарал Тұлеугазиевна – филология ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан. E-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>

Курмамбаева Карлыгаш Солтангазиевна – филология ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан. E-mail: karlitos-73@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6022-3992>

Тұлебаева Куралай Токтаровна – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан. E-mail: tulebaeva82@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1636-8822>

Смагулова Акмарал Тулеугазиевна – кандидат филологических наук, Шәкәрім университет, Семей, Қазақстан. E-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>

Курмамбаева Карлығаш Солтангазиевна – кандидат филологических наук, Шәкәрім университет, Семей, Қазақстан. E-mail: karlitos-73@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6022-3992>

Tulebayeva Kuralay – corresponding author, Candidate of Philology, Professor, Alikhan Bokeikhan University, Kazakhstan, Semey. E-mail: tulebaeva82@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1636-8822>

Smagulova Akmaral – Candidate of Philology, Shakarim University, Kazakhstan, Semey. E-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>

Kurmambayeva Karlygash – Candidate of Philology, Shakarim University, Kazakhstan, Semey. E-mail: karlitos-73@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6022-3992>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).